

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі N 996 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 3 тамыз N 1096

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Өсімдіктерді қорғау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі N 996 P990996_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) к і р і с п е д е :

"шегіртке зиянкестерінің" деген сөздерден кейін "дән сұр көбелегінің, сондай-ақ аурулардың" деген сөздермен толықтырылсын;

"шегіртке зиянкестерінің үйірлі нысандарымен" деген сөздерден кейін "дән сұр көбелегімен және аурулармен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-тармақта "шегірткенің үйірлі нысандарымен" деген сөздерден

кейін "дән сұр көбелегімен және дәнді дақылдардың ауруларымен" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 2-тармақта:

екінші абзацта "инсектицидтер" деген сөзден кейін "және фунгицидтер" деген сөздермен толықтырылсын:

"шегіртке зиянкестерінің" деген сөздерден кейін "дән сұр көбелегінің және аурулардың" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацта "шегіртке" деген сөздерден кейін "басқа зиянкестер мен дәнді дақылдардың аурулары" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК